

АҚПАРАТТЫҚ ХАБАРЛАМА

2017 жылғы «27» желтоқсан

«БЖЗК» АҚ 2017 жылғы 1 желтоқсандағы жағдай бойынша негізгі көрсеткіштері

Алматы, Қазақстан – 2017 жылғы 1 желтоқсандағы жағдай бойынша зейнетақы жинақтарының жалпы сомасы 7,67 трлн теңгені құрап, жыл басынан бері 980 млрд теңгеге ұлғайды. Яғни, жыл басынан бергі өсім шамамен 15 пайызды құрады.

2017 жылдың басынан бері салымшылардың жеке зейнетақы шоттарына есептелген таза инвестициялық табыс сомасы 495,5 млрд теңге болды. Бұл өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 2,3 пайызға (немесе 11,2 млрд теңге) жоғары.

2017 жылдың 1 қаңтарынан 30 қарашасына дейінгі кезеңде салымшылар мен алушылардың жеке зейнетақы шоттарына үлестірілген зейнетақы активтерінің табыстылығы 7,15 пайызды құрады. Осы кезеңде инфляция деңгейі 6,3 пайыз болды. Бұл ретте табыстың басым бөлігі бағалы қағаздар бойынша сыйақылардан және бағалы қағаздар мен шетелдік валютаны нарықтық қайта бағалаудан құралды.

2017 жылғы 1 желтоқсандағы жағдай бойынша шарттардың барлық түрлері бойынша салымшылардың (алушылардың) жеке зейнетақы шоттарының (ЖЗШ) саны 10,12 млн бірлік, оның ішінде міндетті зейнетақы жарналары (МЗЖ) есебінен 9,64 млн бірлік болды. Міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары (МКЗЖ) бойынша салымшылардың ЖЗШ саны 440,61 мың бірлікті, ал ерікті зейнетақы жарналары (ЕЗЖ) бойынша шамамен 39,45 мың бірлікті құрады.

2017 жылдың басынан бері БЖЗҚ-дан төленген зейнетақы төлемдерінің сомасы 193,99 млрд теңге, оның ішінде сақтандыру ұйымдарына жасалған аударымдар 23,02 млрд теңге болды. Салыстырып қарайтын болсақ, өткен жылдың 11 айы ішінде БЖЗҚ-дан 156,1 млрд теңге төленген, оның ішінде сақтандыру ұйымдарына жасалған аударымдар 19,8 млрд теңгені құраған.

БЖЗҚ 2017 жылы электрондық сервистерді іске қосты. Олар Қордың бөлімшелеріне келмей-ақ оның қызметтерін пайдалануға мүмкіндік береді.

Электрондық цифрлық қолтаңбаның көмегімен Қордың сайты арқылы жеке зейнетақы шотын ашу туралы өтініш беруге болады. Электрондық цифрлық қолтаңба немесе Қор сайтына ЖСН және құпия сөздің көмегімен тіркелу арқылы зейнетақы төлемдерін рәсімдеу туралы өтініш беруге, төлемдердің орындалу мәртебесін қадағалауға, салымшының (алушының) жеке деректемелеріне өзгерістер енгізуге, хабарлау тәсілін өзгертуге, зейнетақы шотының жай-күйін бақылауға және болашақ зейнетақыны болжамды түрде есептеуге болады. Қазіргі уақытта электрондық байланыс арналары арқылы көрсетілген қызметтердің үлесі шамамен 40 пайызды құрайды. Ал 2021 жылға дейін оны 55 пайызға жеткізу жоспарланып отыр.

Республиканың барлық облыс әкімдіктерімен ынтымақтастық туралы Меморандумдарға қол қойылған соң, аудан орталықтарында 253 таныстырылымдық шаралар өткізілді. Оларға 20 мыңнан астам адам қатысты.

Жыл басынан бері кәсіпорындар мен ұйымдарда барлығы 16,6 мыңнан астам көшпелі таныстырылымдық шаралар өткізілді. Оларға 517 мыңнан астам адам қатысты. Кәсіпорындар мен ұйымдардың еңбек ұжымдары жинақтаушы зейнетақы жүйесі, оны жаңғырту мәселелері және Қордың жаңа электрондық қызметтері туралы лайықты деңгейде ақпарат алулары үшін қолдан келгеннің барлығы жасалуда.

Салымшы (алушы) БЖЗҚ-ға өзі келіп, не болмаса 1418 тегін нөміріне қоңырау шала отырып телефон арқылы, әлеуметтік желілер, сондай-ақ қашықтықтан: Қордың корпоративтік сайтындағы «Кері байланыс» және «Онлайн-чат» нысаны арқылы құпия ақпараттан басқа барлық өзін қызықтырған мәселелер бойынша кеңес ала алады. Одан басқа, enpf.kz сайты арқылы Басқарма төрайымының Блогына сұрақ қоюға болады. Блог іске қосылғалы бері келіп түскен 370-тен астам сұраққа дер кезінде жауап қайтарылды.

Сонымен қатар Қоғамдық қабылдау арнасы жұмыс істейді. Онда кез келген ниет білдіруші адам қабылдауға жазылып, ақыл-кеңес алуға және өзін қызықтырған сұраққа жауап алуына болады.

Тағы да еске саламыз, 2017 жылдың 30 және 31 желтоқсаны күндері «БЖЗҚ» АҚ-тың барлық операциялық бөлімшелері таңғы сағат 9.00-ден 13.00-ге дейін жұмыс істейді. Ондағы басты мақсат – 2018 жылдың 1 қаңтарына дейін Қордан зейнетақы төлемдерін алу құқығына ие болған немесе ие болатын салымшылардың осы төлемдерді рәсімдеуіне мүмкіндік беру.

БЖЗҚ 2013 жылғы 22 тамызда «ГНПФ» ЖЗҚ» АҚ негізінде құрылды. БЖЗҚ құрылтайшысы және акционері – Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің «Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті» ММ арқылы Қазақстан Республикасының Үкіметі. БЖЗҚ зейнетақы активтерін сенімгерлікпен басқаруды Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі жүзеге асырады. 2016 жылғы 1 қаңтардан бастап зейнетақы активтерін басқару тиімділігін арттыру бойынша ұсыныстар жасау қызметі Қазақстан Республикасының Президенті басшылық ететін Ұлттық қорды басқару кеңесіне берілді. Зейнетақы заңнамасына сәйкес БЖЗҚ міндетті зейнетақы жарналарын, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын, ерікті зейнетақы жарналарын тартуды, зейнетақы төлемдерін, зейнетақы жинақтары мен төлемдерін жеке есепке алуды жүзеге асырады, салымшыға (алушыға) зейнетақы жинақтарының жай-күйі туралы ақпарат береді (толығырақ www.enpf.kz сайтында).

БЖЗҚ» АҚ баспасөз орталығы
БАҚ үшін байланыстар: press@enpf.kz